

## Конституция – тұрақтылық тұғыры

Тәуелсіздігіміздің тірегі ҚР Конституциясына биыл – 24 жыл. Осыған орай аудандық орталық кітапханада «Ата заңым – айбыным!» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Ашық пікірлесу түрінде өткен шараға мұрындық болған орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Сәкен Жұмабеков өзі модератор болып, ашып жүргізіп отырды. Шақырылған қадірменді қонақтар мектеп оқушылары мен жігерлі жастарды мемлекеттік мерекемен құттықтап, оның маңыздылығын және бүгінгі таңда жас кәсіпкерлердің мүмкіндіктерін талқыға салды. Онда аудандық мәслихаттың депутаты Сергей Меркулов Ата Заңның негізгі баптарын іске асырудағы өкілді органдардың, депутаттардың рөліне шолу жасаса, әр азаматтың құқытарын қорғайтын «Нұр Отан» партиясында іске асырылып жатқан жобалар жайлы «Нұр Отан» партиясы Нұра аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Данияр Алшынбаев

тоқталып өтті. Ал, аудандық прокуратураның жұмысы туралы 2-санатты заңгер Жания Қыпшақбаева өзі баяндап берді.

орталығында пинтбол ашқан Азамат Жаншин сөз сөйледі. Жас кәсіпкердің айтуынша: «Жаңа істі бастаудан қорықпау керек.

Қарой ауылында былтыр фотосалон ашқан жас кәсіпкер, екі баланың анасы Эльнура Өмен де қолдап, қатысушыларды ын-

сайысының үздік спикері атанған Бақытқызы Дана болса, оқушы ретінде бала құқығына зер салды.

Аптаның сәтті күнінде өткен шарада барынша жастарға аудан бойынша атқарылған істер жайлы түсінік берілді. Шахтер ауылында тұрғындардың тиімді уақыттары мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар жайлы мемлекеттік қызметкер Асқар Бексұлтанов айтып берсе, Көбетей ауылы балалар кітапханасының меңгерушісі Ксения Мисник балаларға ҚР Конституциясының негізгі баптарын түсіндіру бойынша сыр шертті. Облыстық жас орындаушылар байқауында "Авторлық өн" номинациясы бойынша жеңімпаз атанған Сергей Чемерисов болса, дөңгелек үстелде қатысушыларға Ата Заңға байланысты екі тілде викториналық сұрақтар қойып, авторлық өнімен дөңгелек үстелді аяқтап берді.



Отырысты аудан әкімінің грантын ұтып алған жас кәсіпкерлер өз тәжірибесімен бөлісу арқылы қыздыра түсті. Олардың қатарынан бірінші болып аудан

Жастар бірден қалаға асықпай, өздерінің тұрып жүрген жерін қаладан кем болмайтындай жасауға тырысу керек. Бастысы – ниет пен мақсат». Оның сөздерін

таландырып жіберді. Ал, №2 Киевка қазақ жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы, Назарбаев зияткерлік мектебінің облыстық жас көшбасшылар

**Дина Әбдіғалиева**